

**«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК бойынша
әдістемелік кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Тақырыбы: «Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру»

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

17.10.2022ж

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;
- вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту;

2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

3. Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.

4. Кіші топтарындағы балалардың бейімделуі.

5. Ағымдағы мәселелер.

Балабақша әдіскері Жариева Ж.А. кеңес отырысының күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырып, сөз алды. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарымен таныстырылды. Өзіндік білім көтеру жоспары, портфолионың жасақталуы туралы түсіндіріліп, талқыланды.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында ғылыми зерттеулер жүргізіп, білім беру қызметтерінің сапасын, даму жағдайларын жақсарту және арттыру бойынша ұсынымдар әзірленгеннен кейін ілеспе нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілді.

2022– 2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер мынадай бағыттарды қамтиды: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;

- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамыту;

- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы деп тану;

- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;

- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіру (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; когнитивтік дамуы);

Тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жоспарына сәйкес вариативтік компоненті жобалау технологиясын енгізу арқылы жүргізілетін топтарға балабақша мүмкіндіктерін ескере отырып, кабинеттегі бұрыштардың жасақталуы ұсынылады. Вариативтік компонент перспективалық жоспарға түспейді. Білім беру процесіне жобалау технологиясын енгізу арқылы вариативтік компонент бойынша барлық топтарда балалардың жас ерекшелігіне сай тақырыптар таңдалып, бекітіледі. ҚР оқу ағарту министрінің бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда ҰІӨ түрін ұйымдастыру санитарлық эпидемиологиялық жағдайларды сақтай отырып, дәстүрлі түрде ұйымдастырылуда.

Әрбір педагог педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарын сақтауы тиіс. Осы мақсатта ұжым арасында педагог мәртебесі мен нормалы таныстырылып, талқыланды.

Тәжірибе алмасу – педагогтің кәсіби өсуінің факторларының бірі екендігін естен шығармай, ҰІӨ – не, семинар – практикумдарға, әдістемелік кеңестерге, түрлі байқауларға қатысып отыру қажет.

